

"Педагогтерді аттестаттаудан өткізу үшін құжаттар қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1 Көрсетілетін қызметті берушінің атауы

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының Білім басқармалары, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың білім бөлімдері

2 Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері

- 1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңесі;
- 2) "Азаматтарға арналған үкімет "мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);
- 3) "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы жүзеге асырылады egov.kz (бұдан әрі – портал)

Мемлекеттік қызмет көрсетудің мерзімдері:

- 1) көрсетілетін қызметті беруші арқылы жүгінген кезде – 20 минут;
- 2) көрсетілетін қызметті берушінің орналасқан жері бойынша Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде – 3 (үш) жұмыс күні;
- 3) көрсетілетін қызметті берушінің орналасқан жері бойынша емес Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде – 7 (жеті) жұмыс күні;
- 4) портал арқылы – 1 (бір) жұмыс күні.

Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді.

3 Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі

4 Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны

1) Мемлекеттік корпорацияға құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты - 20 (жыырма) минут;

2) мемлекеттік корпорацияда көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты-20 (жыырма) минут.

Қағаз/электронды, жартылай автоматтандырылған түрде

5 Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі

Көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде педагогтерге біліктілік санатын беру (растай) үшін осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті қабылдау туралы қолхат беру не мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту.

Мемлекеттік корпорацияда дайын құжаттарды беру жеке басын қуәландыратын құжатты (не нотариат қуәландырған сенімхат бойынша оның өкілі) ұсынған кезде тиісті құжаттарды қабылдау туралы қолхат негізінде жүзеге асырылады.

Өтініш берушінің (өкілдің) өтініші болмағандықтан мерзімінде берілмеген құжаттар бір ай ішінде мемлекеттік корпорацияда сақталады, осы мерзім өткеннен кейін талап етілмеген ретінде көрсетілетін қызметті берушігে қайтарылады. Көрсетілетін қызметті алушы бір ай өткен соң жүгінген кезде Мемлекеттік корпорацияның сұрауы бойынша көрсетілетін қызметті беруші бір жұмыс күні ішінде дайын құжаттарды көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін Мемлекеттік корпорацияға жібереді.

Портал арқылы жүгінген кезде құжаттардың қабылданғаны туралы хабарлама немесе көрсетілетін қызметті берушінің ЭЦҚ-мен қол қойылған дәлелді өтінімі одан әрі қараша кезінде бас тарту өтініш берушінің жеке кабинетінде көрсетіледі.

Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде
көрсетілетін қызметті алушыдан
алынатын төлем мөлшері және
Қазақстан Республикасының
заңнамасында көзделген жағдайларда
6 оны алу тәсілдері

Жеке тұлғаларға тегін

1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі-жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.

Көрсетілетін қызметті берушіде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетуісіз кезек күту тәртібімен көрсетіледі;

2) мемлекеттік корпорацияда – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жексенбі және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін.

7 Жұмыс кестесі

Қабылдау "электрондық" кезек тәртібімен, көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша жеделдетілген қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады, электрондық кезекті "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы броньдауға болады.

3) портал - жөндеу жұмыстарына байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы өтініш берген кезде Еңбек кодексіне сәйкес жұмыс үақыты аяқталғаннан кейін демалыс және мереке күндері өтініштерді қабылдау және нәтижелерін беру мемлекеттік қызмет көрсету келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

көрсетілетін қызметті берушіге:

1) өтініш;

2) жеке басын күәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі) (иесіне қайтарылады) не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);

3) білімі туралы диплом;

4) қайта даярлау курсарынан өткені туралы құжат (бар болса);

5) жұмыскердің еңбек қызметін раставтын құжат;

Мемлекеттік корпорацияға:

1) өтініш;

2) білімі туралы диплом;

3) қайта даярлау курсарынан өткені туралы құжат (бар болса);

4) жұмыскердің еңбек қызметін раставтын құжат;

электрондық үкімет веб-порталы арқылы egov.kz:

1) өтініш

2) білімі туралы диплом;

3) қайта даярлау курсарынан өткені туралы құжат (бар болса);

4) жұмыскердің еңбек қызметін раставтын құжат;

Білімі және еңбек қызметі туралы деректер электрондық үкімет шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен алынады. Ақпарат болмаған жағдайда өтініш беруші раставтын құжаттарды қоса береді.

Бұл ретте аттестаттаудан өту үшін тиісті деңгейдегі аттестаттау комиссиясы ақпараттық жүйе бойынша мынадай деректерді сұратады:

- 1) Біліктілік санатын беру туралы күелік және бұйрық (бұрын біліктілік санаты болған адамдар үшін);
- 2) ұлттық біліктілік тестілеуден өткені туралы құжат және эссе;
- 3) кәсіби жетістіктерін растайтын құжаттар;
- 4) "педагог-зерттеуші" немесе "педагог-шебер" біліктілік санатына-тәжірибелі жинақтау;
- 5) бақылау парақтарымен сабактардың/сабактардың бейнеказбалары және сабактарды/сабактарды талдау (ПМПК педагогтерін қоспағанда);
- 6) білім беру үйымының педагогикалық кеңесі хаттамасынан үзінді.

Ескертпе:

аттестаттау комиссиясы білім беру саласындағы үәкілетті органмен келісілген бағдарламалар бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткені туралы сертификатты және кәсіби жетістіктерін және жинақталуын растайтын құжаттарды білім басқармаларының және ҚР БФМ-нің (ведомстволық бағынысты үйымдардың) ресми сайттарында қарайды.

білім алушылардың/тәрбиеленушілердің жетістіктерін растайтын құжаттарды (әдістемелік кабинеттердің, орталықтардың) әдіскерлерін, ПМПК, ППТК, РО педагогтерін қоспағанда) аттестаттау комиссиясы білім басқармаларының және "Дарын" РЕПО-ның ресми сайттарында білім беру саласындағы үәкілетті орган бекіткен республикалық және халықаралық олимпиадалардың, конкурстар мен жарыстардың, тізбесіне сәйкес қарайды.

1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;

2) көрсетілетін қызметті алушы және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдар, деректер мен мәліметтер талаптарға сәйкес келмеген жағдайларда бұзылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының
заңнамасында белгіленген мемлекеттік
қызмет көрсетуден бас тарту үшін

9 негіздер

Ағза функцияларының тұрақты бұзылулары бар, езінен-өзі қызмет көрсету, өздігінен қозғалу, құжаттарды қабылдауға бағдарлану қабілетінен немесе мүмкіндігінен толық немесе ішінара айырылған көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік қызметті көрсетуді Мемлекеттік корпорацияның қызметкері 1414; 8 800 080 7777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы жүргіну арқылы тұрғылықты жеріне барып жүзеге асырады.

Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:

- 1) Министрліктің интернет-ресурсында: www.edu.gov.kz;
- 2) мемлекеттік корпорацияның интернет-ресурсында: www.gov4c.kz.

Көрсетілетін қызметті берушінің ЭЦҚ болған жағдайда порталдағы "жеке кабинеті", сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 77777 арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпарат алу мүмкіндігі бар.

Мемлекеттік, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін қызметті көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып
10 қойылатын өзге де талаптар

Көрсетілетін қызметті берушінің Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары Министрліктің интернет-ресурсында орналастырылған: www.edu.gov.kz.